Article

The Evolution of Secularization Theory: Classical, New and Eclectic Paradigms

Dauirjan Byerdimurat *, Jolaman Bulan

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan
*Corresponding author's email: dauirjan.byerdimurat@gmail.com

Abstract

This article provides a comprehensive examination of the theoretical foundations of the concept of secularization, which explains changes in the place and public influence of religion in contemporary society. The study analyzes the etymological and historical development of the concept of secularization, its meaning within the social sciences, as well as transformations of religion at the societal, institutional, and individual levels. The main propositions of the classical, new, and eclectic paradigms of secularization theory are compared, with particular attention to their distinctive features and limitations in explaining religious processes in contemporary society. The classical paradigm explains the decline in the public influence and institutional authority of religion because of modernization, rationalization, and social differentiation. The new paradigm critically reassesses this proposition, emphasizing religious revival, the persistence of individual religiosity, and the re-emergence of religion in the public sphere. The threefold classification is used as a working analytical scheme informed by the literature rather than as a universally accepted typology. The term "eclectic approach" provisionally groups perspectives that distinguish changes in religious authority from individual religiosity and the public and cultural expressions of religion, without treating these perspectives as a unified school. The comparison identifies their analytical possibilities and limitations rather than establishing the universal superiority of one approach.

Keywords: secularization; religion; secularity; religious institutions; religiosity; public sphere; eclectic paradigm.

Received: 30 August 2026
Revised: 10 September 2026
Accepted: 14 September 2026
Copyright: © 2026 by the authors. This article is an open access article distributed under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY) license.

Секуляризация теориясының эволюциясы: классикалық, жаңа және эклектикалық парадигмалар

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі қоғамдағы діннің орны мен қоғамдық ықпалының өзгеруін түсіндіретін секуляризация ұғымының теориялық негіздері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу аясында секуляризация ұғымының этимологиялық және тарихи қалыптасуы, оның әлеуметтік ғылымдардағы мазмұны, сондай-ақ діннің қоғамдық, институционалдық және жеке тұлғалық деңгейлердегі өзгерістері талданады. Секуляризация теориясының классикалық, жаңа және эклектикалық парадигмаларының негізгі тұжырымдары салыстырылып, олардың қазіргі қоғамдағы діни үдерістерді түсіндірудегі ерекшеліктері мен шектеулері сараланады. Классикалық парадигма модернизация, рационалдану және әлеуметтік жіктелу нәтижесінде діннің қоғамдық ықпалы мен институционалдық беделінің төмендеуін негіздейді. Жаңа парадигма бұл тұжырымға сын көзбен қарап, діни жаңғыру, жеке тұлғалық діндарлықтың сақталуы және діннің қоғамдық кеңістіктегі қайта көрінуіне назар аударады. Үштік жіктеу жалпыға бірдей мойындалған типология ретінде емес, ғылыми әдебиетке сүйенетін жұмыс схемасы ретінде қолданылады. «Эклектикалық тәсіл» атауы діни беделдің өзгеруін жеке тұлғалық діндарлықтан және діннің қоғамдық-мәдени көріністерінен ажырататын ұстанымдарды шартты түрде біріктіреді, бірақ оларды біртұтас ғылыми мектеп ретінде қарастырмайды. Салыстыру нәтижесінде белгілі бір тәсілдің әмбебап басымдығы емес, қарастырылған ұстанымдардың талдамалық мүмкіндіктері мен шектеулері айқындалды.

Түйін сөздер: секуляризация; дін; зайырлылық; діни институттар; діндарлық; қоғамдық кеңістік; эклектикалық парадигма.

Эволюция теории секуляризации: классическая, новая и эклектическая парадигмы

Аннотация

В данной статье всесторонне рассматриваются теоретические основы понятия секуляризации, объясняющей изменения места и общественного влияния религии в современном обществе. В рамках исследования анализируются этимологическое и историческое становление понятия секуляризации, его содержание в социальных науках, а также изменения религии на общественном, институциональном и индивидуальном уровнях. Сопоставляются основные положения классической, новой и эклектической парадигм теории секуляризации, а также рассматриваются их особенности и ограничения в объяснении религиозных процессов в современном обществе. Классическая парадигма обосновывает снижение общественного влияния и институционального авторитета религии как результат модернизации, рационализации и социальной дифференциации. Новая парадигма критически переосмысливает данное положение, акцентируя внимание на религиозном возрождении, сохранении индивидуальной религиозности и возвращении религии в общественное пространство. Трехчастная классификация используется как рабочая аналитическая схема, опирающаяся на научную литературу, а не как общепризнанная типология. Понятие «эклектический подход» условно объединяет позиции, разграничивающие изменения религиозного авторитета, индивидуальную религиозность и общественно-культурные проявления религии, без отнесения этих позиций к единой научной школе. Сравнение позволяет выявить аналитические возможности и ограничения рассматриваемых подходов, а не установить универсальное превосходство одного из них.

Ключевые слова: секуляризация; религия; светскость; религиозные институты; религиозность; общественное пространство, эклектическая парадигма.

https://doi.org/10.65608/qut.2026.3.04

Кіріспе

Секуляризация ұғымы әртүрлі тәсілдермен түсіндіріледі. Бұл түсіндірмелердің көптігі соншалық, кейбір әлеуметтанушылар аталған ұғымды әлеуметтанулық терминдер қатарынан алып тастауды ұсынған. Соған қарамастан, секуляризация әртүрлі әлеуметтік және мәдени контекстерде әрқалай көрініс табуға бейім ұғым болып табылады. Дегенмен бұл ұғымды әлеуметтік ғылымдарға қатысты пікірталастар аясында қарастыру қажет. Сонымен қатар, секуляризация ұғымына нақты анықтама берудің қажеттілігін де естен шығармауымыз керек (Furseth & Repstad, 2011, p. 155).

Секуляризация ұғымының этимологиясына назар аударсақ, оның латынның *saeculum* сөзінен шыққанын көреміз. Бұл сөз «ғасыр», «дәуір» және «дүние» деген мағыналарды білдіреді (Casanova, 2014). Аталған ұғым алғаш рет Реформациядан кейін шіркеу мүліктерінің зайырлы билік өкілдеріне берілуін білдіру мақсатында қолданыла бастаған (Özay, 2007, p. 116). Уақыт өте келе секуляризация ұғымы қолданылған контекстке қарай кейде жағымды, кейде жағымсыз мағынада қабылданатын, белгілі бір құндылықтық және идеологиялық мазмұнға ие терминге айналды. Кейіннен бұл ұғым жалпы мағынада діни қолданыс аясынан зайырлы қолданыс аясына өткен кез келген құбылысты білдіру үшін қолданыла бастады (Kurt, 2011, p. 185). Секулярлықты анықтауға жасалған талпыныстардың тарихи тұрғыдан мынадай контекст аясында талқыланғанын көреміз:

(i) шіркеудің меншігінен айырылуы;

(ii) діннің, соған сәйкес шіркеудің саяси биліктен шеттетілуі;

(iii) діни құрылымдардың діни қызметкерлер үстемдігінен арылуы;

(iv) күнәдан арылу үшін тәубе ету қажеттілігінің жойылуы;

(v) мәдени құрылымның қасиетті сипаттан арылуы;

(vi) ең соңында, оның мифологиялық бастаулардан ажыратылуы (Özay, 2007, pp. 117–118).

Осы тұрғыдан алғанда, Батыста секуляризация құбылысына қатысты мынадай ұстанымдарға басымдық беріледі: (i) христиандықтың өз ішінде секуляризацияға ықпал ететін ерекшеліктердің болуы; (ii) Ежелгі Грекия мен Римнің, әсіресе Аристотель мен Платонның ойлау жүйесінде адамның өзін рационалдық және моральдық күштер арқылы жүзеге асыра алатыны туралы түсініктің қалыптасуы; (iii) Батыс қоғамдарында орын алған өзгерістердің, әсіресе Ағартушылық дәуірінің діни және мифологиялық ойлау жүйесіне ыдыратушы әсер етуі; (iv) Батыстың секуляризация үдерісіне қатысты біртұтас құбылыс болмауы, сондықтан оны Еуропа және АҚШ тұрғысынан бөлек қарастыру қажеттілігі (Özay, 2007, p. 120).

Секуляризация бастапқыда шіркеуге тиесілі мүліктің зайырлы саяси биліктің бақылауына өтуін сипаттау үшін қолданылған. Кейін бұл ұғым шіркеуден тыс өмір сүре бастаған адамдар мен монастырьларда өмір сүретін дін қызметкерлерін ажырату мақсатында қолданылды. Ал қазіргі кезде секуляризация жалпы алғанда діннен алыстау және дүниелік сипатқа ие болу үдерісін білдіретін ұғымға айналды.

Жоғарыда атап өтілгендей, секуляризация ұғымы қарама-қайшы мағыналарды қамтиды. Позитивистер үшін ол адамның діни байланыстардан арылуын, демек, еркіндікке қол жеткізуін білдірсе, консерваторлар үшін діннен алыстау және адамның рухани болмысының жоғалуы деген мағынаны білдіреді (Wilson, 2015, p. 9).

Осы тұрғыдан алғанда, секуляризация қандай мағынада талқыланса, сол мағынаға сәйкес анықталатын және соған негізделіп белгілі бір қорытындылар жасалатын ұғым болып табылады. Діннің қоғамдық, жеке тұлғалық және институционалдық қызметтерін жоғалтуы

немесе олардың жойылуы бір мәселе болса, діннің аясының тарылуы, түрленуі және жаңа мағыналарға ие болуы – мүлде басқа мәселе. Сонымен қатар, діннің өз қызметтерін жоғалтуы, түрленуі, аясының тарылуы немесе қайта түсіндірілу үдерісінің қоғамдық деңгейдегі мағынасы мен жеке тұлғалық деңгейдегі мағынасы бір-бірінен өзгеше болуы мүмкін.

Сондықтан секулярлықты қамту аясы, өлшемдері, айқындығы және деңгейі тұрғысынан сызықтық сипаттағы құбылыс деп қарастыруға болмайды. Қай өлшемдер мен мағыналық деңгейлерге басымдық берілетіні секуляризацияның дәрежесін анықтайды. Секуляризация ұғымының анықтамалары дін ұғымының анықтамаларымен тығыз байланысты болғандықтан, оның мазмұны діннің қалай анықталуына қарай да өзгеріп отырады (Wilson, 2015, pp. 9–11). Нақтырақ айтқанда, «дін – әлеуметтік институт» деп анықтап, осы тұрғыдан бағалайтын зерттеушілер мешіттер мен ғибадат орындарына бару немесе діни ұйымдарға қатысу сияқты әлеуметтік белсенділіктерді негізгі өлшем ретінде алып, модернизация үдерісімен бірге діннің әлсірегенін алға тарта алады. Ал дінді «мағына жүйесі» ретінде анықтайтын болсақ, діннің метафизикалық аясы арқылы адамның өмір сүріп отырған әлеміне мән-мағына берудегі маңызын ешқашан жоғалтпағанын тұжырымдауға әбден болады (Köse, 2014, p. 35).

Бергер секуляризацияны «қоғам мен мәдениеттегі жекелеген салаларды діни институттар мен діни рәміздердің үстемдігінен арылтатын үдеріс» деп анықтайды (Berger, 1969, p. 107). Ал Уилсон секуляризацияны «діни сана, діни іс-әрекеттер мен діни институттардың қоғамдағы маңыздылығын жоғалту үдерісі» ретінде қарастырады (Wilson, 2015, p. 17).

Эрвье-Леже секуляризацияны «қоғамдық өмірдің тұтастай аясын қамтыған діни мәдениеттің кең таралуының тоқтай бастауымен қатар, қоғам мен дін арасындағы байланыстың үзілуі» деп түсіндіреді (Leger, 2000, p. 29). Ал Брюс діннің күшінің, беделінің және танымалдығының төмендеуін секуляризация парадигмасы ретінде ұсынады. Оның пікірінше, секуляризацияны макроәлеуметтанулық үдерістер аясында қарастыру қажет, өйткені ол тарихи әрі әлеуметтік өзгерістерді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, протестанттық реформация, индустриялық капитализм, индивидуализм, рационализация, экономикалық даму, ғылым мен технологияның революциялық өзгерістері және құрылымдық жіктелу үдерісі мемлекеттің неғұрлым тең құқықты, зайырлы, либералды және демократиялық құрылымға қарай эволюциялануына ықпал етті. Бұл өз кезегінде қоғамның жіктелуі мен мәдени әртүрліліктің артуына алып келді. Нәтижесінде діни релятивизм күшейіп, екінші жағынан, діннің қоғамдық қолдаудан айырылуы дінге деген қызығушылықтың төмендеуіне және діни байланыстардың әлсіреуіне себеп болды (Bruce, 2015, p. 27).

Секуляризацияны тарихи және әлеуметтік динамикалардың ықпалымен қалыптасқан, модернизация деп атауға болатын күрделі әлеуметтік өзгерістердің нәтижесі ретінде де қарастыруға болады. Екінші жағынан, секуляризацияны сөзсіз болатын үдеріс деп айтуға болмайды. Алайда таңдау еркіндігі мен мәдени автономияға бейімделген жеке тұлға осы еркіндік пен автономиядан бас тартпаған жағдайда, секуляризация үдерісін кері қайтару мүмкін емес сияқты (Bruce, 2015, p. 44). Осы пайымдауларды қорытындылай келе, секуляризацияға қысқаша анықтама беретін болсақ, ол «діннің қоғамдық кеңістіктегі институционалдық беделінің тарылуы; яғни діннің өз ізбасарлары арасында ғана белгілі бір деңгейде бедел жүргізе алатын неғұрлым шектеулі жеке салаға ығысуы және мемлекетке немесе қоғамның басқа да бөліктеріне қатысты абсолютті беделінен айырылуы» дегенді білдіреді (Bell, 2014, p. 232).

Материалдар мен әдістер

Зерттеу секуляризация теориясының қалыптасуы мен қайта қаралуына арналған теориялық-салыстырмалы әдеби шолу сипатында орындалды. Оның мақсаты – секуляризация

ұғымының мазмұнын нақтылау және діннің қоғамдық орнының өзгеруін түсіндіретін теориялық ұстанымдардың мүмкіндіктері мен шектеулерін салыстыру. Талдау бірлігі ретінде зерттеушінің бүкіл шығармашылығы емес, нақты еңбекте ұсынылған секуляризация анықтамасы, түсіндіру механизмі және оның қолданылу шегі алынды. Бұл, әсіресе, Бергердің ертеректегі және кейінгі ұстанымдарын ажырату үшін маңызды.

Әдебиеттер корпусы теориялық маңыздылығы мен зерттеу сұрағына сәйкестігі бойынша мақсатты түрде шектелді. Корпусқа секуляризацияға анықтама беретін, модернизация мен діни өзгерістердің байланысын түсіндіретін немесе осы байланыстың әмбебаптығын сынайтын ғылыми монографиялар, мақалалар және жинақ тараулары енгізілді. Негізгі теориялық тұжырымдарды ұсынатын еңбектер мен оларды жүйелейтін шолу әдебиеті ажыратылды: біріншісі авторлардың ұстанымдарын талдауға, екіншісі пікірталастың құрылымы мен ұғымдардың қолданылуын түсіндіруге пайдаланылды. Осыған сәйкес, М. Чавес пен Д. Яманенің еңбектері діни бедел мен неосекуляризация мәселесін нақтылауға, ал М. Өзай мен А. Көсенің еңбектері теориялық бағыттарды жүйелеуге қатысты қарастырылды (Chaves, 1994; Yamane, 1997; Özay, 2007; Köse, 2014).

Пайдаланылған басылымдардың хронологиялық ауқымы 1966–2018 жылдарды қамтиды. Теориялық талдаудың негізгі өзегі XX ғасырдың екінші жартысында жүйеленген секуляризация тұжырымдары мен олардың XX ғасырдың соңы және XXI ғасырдың басындағы қайта қаралуына бағытталды. Ұғымның бұдан ертеректегі тарихы теориялардың қалыптасуын түсіндіретін контекст ретінде қарастырылды. Аударма мен қайта басылымның жарияланған жылы теориялық тұжырымның алғаш ұсынылған уақытымен теңестірілмейді. Сондықтан бұл шолу секуляризация жөніндегі қазіргі әдебиеттің толық қамтылуын талап етпейді.

Теорияларды салыстыру бес өлшемге негізделді: біріншіден, секуляризацияның нысаны – діни сенім, тәжірибе, ұйым немесе діни бедел; екіншіден, талдау деңгейі – қоғамдық, ұйымдық және жеке тұлғалық; үшіншіден, өзгерісті түсіндіретін механизм – модернизация, рационалдану, функционалдық жіктелу, діни бәсекелестік немесе мәдени трансформация; төртіншіден, болжанатын нәтиже – діни ықпалдың төмендеуі, діндарлықтың сақталуы немесе діни формалардың өзгеруі; бесіншіден, тұжырымның тарихи және географиялық қолданылу шегі.

Теориялық талдау негізгі ұғымдар мен дәлелдерді ажыратуға, тарихи-генетикалық әдіс олардың қалыптасуы мен қайта қаралуының сабақтастығын көрсетуге, салыстырмалы талдау ортақ өлшемдер бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға қолданылды. Интерпретациялық әдіс авторлардың тұжырымдарын нақты еңбектің контексінде түсіндіруге бағытталды. Зерттеу жаңа эмпирикалық деректер жинауды немесе метаталдауды қамтымайды. Ағылшын және түрік тілдеріндегі еңбектер мен аудармаларға сүйенетіндіктен, оның нәтижелері әдебиеттер корпусымен шектеледі және барлық қоғамдарға тікелей жалпыланбайды.

Мақаланы дайындау барысында пайдаланылған ағылшын және түрік тілдеріндегі бастапқы дереккөздер ChatGPT-4 құралы арқылы алдын ала аударылып, авторлар тарапынан түпнұсқа мәтіндермен салыстыра отырып тексерілді. Аудармалардың дәлдігі расталғаннан кейін аталған материалдар талдауда пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Бұл мақалада секуляризация жөніндегі пікірталастар классикалық, «жаңа» және «эклектикалық» тәсілдер бойынша жүйеленеді. Мұндай жіктеу толығымен жаңадан

ұсынылған авторлық типология емес: ол мақалада пайдаланылған М. Өзай мен А. Көсенің теориялық шолуларына сүйенеді (Özay, 2007; Köse, 2014). Сонымен бірге бұл үштік дін әлеуметтануындағы барлық бағыттарды толық қамтитын, бірізді мойындалған әмбебап типология ретінде қабылданбайды. Осы зерттеудегі авторлық үлес – аталған жіктеуді нақты салыстыру өлшемдері арқылы қолдану және оның шекараларын көрсету.

«Парадигма» термині мұнда ортақ әдіснамасы мен зерттеу бағдарламасы толық қалыптасқан ғылыми мектеп мағынасында емес, теориялық ұстанымдарды топтастырудың кең мағынасында қолданылады. Әсіресе «эклектикалық парадигма» атауы әртүрлі авторлардың өздерін бір мектепке жатқызуын білдірмейді. Ол секуляризацияның институционалдық, жеке тұлғалық және мәдени өлшемдерін бір-біріне теңестірмей талдайтын ұстанымдарды шартты түрде біріктіреді. Сондықтан төменде бұл атаумен қатар «эклектикалық тәсіл» ұғымы қолданылады.

Топтардың шекаралары өзара тұйық емес. Мысалы, классикалық бағыт аясында қарастырылатын К. Доббелере де қоғамдық және жеке тұлғалық деңгейлерді ажыратады. Осы себепті жіктеу авторларды өзгермейтін үш лагерьге бөлуді емес, нақты еңбектердегі басым түсіндіру бағдарларын салыстыруды көздейді.

Классикалық тәсілдің негізгі өкілдері қатарында Жас Бергер, Уилсон, Брюс, Доббелере және Уоллис сияқты ғалымдарды атауға болады. Бұл әлеуметтанушылар әлеуметтану ғылымының негізін қалаушылардың идеяларын жалғастыра отырып, позитивистік модернизация теориясынан бастау алады деуге болады. Олар модернизацияға дейінгі қоғамда діннің ойлау жүйесі, институционалдық құрылымы және діни тәжірибе деңгейінде иеленген маңызының қазіргі кезеңде бұрынғыдай сақталмағанын алға тартады (Özay, 2007, p. 138). Осы мәселеге байланысты Уилсон (Wilson, 1966) 1966 жылы жарық көрген «Religion in Secular Society» атты еңбегінде Батыс қоғамдарында діннің қоғамға ықпал ету қабілетін едәуір дәрежеде жоғалтқанын атап өткен. Сонымен қатар, Уилсон (Wilson, 2015, p. 12) секуляризацияны «діни сана, діни іс-әрекеттер мен діни институттардың қоғамдағы маңыздылығын жоғалту үдерісі» ретінде қарастырады. Осыған сәйкес, дін әлеуметтік жүйенің қызмет ету барысында басқа ішкі жүйелер секілді жекелеген ішкі жүйеге айналады (Dobbelaere, 2015, p. 59). Демек, мұнда ерекше назар аударуға тиіс мәселе – діннің тек әлеуметтік жүйенің қызмет етуіндегі маргиналдық жағдайға түсуі ғана емес. Сонымен бірге, табиғаттан тыс күштерге деген сенімнің ықпалы әлсіреген сайын, қоғамның қызмет етуіне қажетті негізгі функциялардың рационалдана бастауы да байқалады (Wilson, 2015, p. 12).

Классикалық тәсіл «жіктелу, рационалдану және дүниелік сипатқа ие болу» (*farklılaşma, rasyonelleşme ve dünyevileşme*) сияқты үш негізгі ұғымға сүйене отырып қалыптасады (Özay, 2007, p. 162). Осы тұрғыдан алғанда, жіктелу (дифференциация) дегеніміз – қоғамдағы қолданыстағы институттардың діннен тәуелсіз сипат алып, «Құдай жоқ сияқты» өздерінің рационалды қағидаларына сәйкес қызмет етуі және дәстүрлі нормалар мен құндылықтармен қайшылыққа түсуі (Özay, 2007, p. 167). Басқаша айтқанда, бұл – институционалдық дін мен діни биліктің қоғамдағы басқа ішкі жүйелерге қатысты үстемдігін жоғалтуы. Осылайша, секуляризация дін мен зайырлы деп аталатын ішкі жүйелер арасындағы функционалдық жіктелуді білдіреді (Dobbelaere, 2015, p. 58).

Бұған шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі, ғылымның тәуелсіз әрі зайырлы көзқарас негізінде дами бастауы, білім беру жүйесінің шіркеу билігінің ықпалынан шығуы және т.б. құбылыстарды мысал ретінде келтіруге болады. Сонымен қатар, діннің басқа ішкі жүйелерге ықпалының әлсіреуі, яғни ішкі жүйелердің автономияға ие болуы, рационалдану үдерісіне алып келді (Dobbelaere, 2015, p. 59). Рационалданудың бүкіл әлеуметтік құрылымда туындатқан өзгерістерін мынадай нәтижелер арқылы сипаттауға болады:

діннің әлеуметтік институттардан тәуелсізденуі, әлемді түсіндіру және оған мән-мағына беру қызметін ғылымның өз мойнына алуы, сондай-ақ плюралистік мәдениеттің, соған сәйкес діни плюрализмнің қалыптаса бастауы. Осы үдерістерді әлеуметтік институттардың секуляризациялануы, сондай-ақ діни тәжірибелер мен діни байланыстардың әлсіреуі ретінде қарастыруға болады (Özay, 2007, p. 162).

Дүниелік сипатқа ие болуды (дүниеленуді) қоғамдағы қасиеттіліктің ықпалының әлсіреуі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар қоғамдық және жеке тұлғалық қабылдаулардың трансценденттік пен қасиеттілік сипаттарын жоғалтып, адамның дүниелік болмысқа бағдарлануы арасында белгілі бір поляризацияның қалыптасуына алып келетінін атап өтуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, осы екі шекараның арасы алшақтаған сайын дүниелену үдерісінің де күшейе түсетіні алға тартылады (Özay, 2007, p. 174). Бұл жерде маңызды бір ескертуді атап өткен жөн. Классикалық парадигманың жеткіліксіздігін алға тартатын жаңа тәсілді ұстанушы Дэвие (Davie) және Старк (Stark) сияқты әлеуметтанушылар институционалдық діндарлық деңгейінде төмендеу байқалғанымен, жеке тұлғалық діндарлықтың әлі де өз өміршеңдігін сақтап отырғанын пайымдайды. Осы себепті олар классикалық секуляризация парадигмасының енді өзектілігін жоғалтқанын алға тартады (Stark, 2015, p. 64).

Ал классикалық парадигманың өкілі Доббелере (Dobbelaere) секуляризация ұғымын діннің күйреуі немесе жеке тұлғаның діни ғибадат тәжірибелерінің төмендеуі деп түсінуге болмайтынын атап көрсетеді. Оның пікірінше, бұл жерде институционалдық діндердің жеке тұлғалық діндарлықты өз бақылауында ұстау мүмкіндігінің шектелуі немесе жойылуы меңзеледі. Демек, жеке адамның діни сезімталдығы мен діни ұстанымдарының сақталуы секуляризация теориясының жарамсыздығын емес, керісінше, оның өзектілігін және қолданылу мүмкіндігін көрсетеді (Dobbelaere, 2015, p. 66).

Қорытындылай келе, классикалық тәсілге сәйкес, жоғарыда атап өтілгендей, позитивті ғылымға негізделген рационалды әлемде діннің ықпал ету аясы одан әрі тарылуын жалғастыра береді. Модернизация үдерісімен бірге дін өзінің ықпал ету аясынан, қызметінен және қоғамдық көріну мүмкіндігінен айырылады. Сонымен қатар Ағартушылық дәуірі, Француз революциясы және индустрияландырудан кейін қалыптаса бастаған институционалдық діннен жеке тұлғаға, дәлірек айтқанда, адамға бағдарланған өмір салтына қарай бетбұрыс классикалық тәсілдің негізгі негізін қалыптастырды деп айтуға болады. Осылайша, өмірдің орталығына адам және адамның рационалды ойлау қабілеті негізінде қалыптасқан ғылым орналасты. Бұл тәсілді жақтаушылар Батыс қоғамдарындағы институционалдық діндарлықтың әлсірегенін және діни институттардың өз қызметтерін жоғалта бастағанын алға тартады. Сонымен қатар олар өз ұстанымдарын тарихи және эмпирикалық деректерге сүйене отырып негіздеуге тырысады (Wilson, 2015; Aydınalp, 2018, pp. 183–184; Özay, 2007, p. 206). Классикалық секуляризация тұжырымдарының әмбебаптығына қатысты сын бірнеше теориялық бағытта дамыды. Бұл мақалада «жаңа тәсіл» атауы модернизацияның міндетті түрде діни құлдырауға әкелетінін күмәнға алатын ұстанымдарды кең мағынада біріктіреді. Алайда діни нарық пен рационалды таңдау түсіндірмелері, П. Бергердің кейінгі көзқарастары және Г. Дэвидің институционалдық тиесілік пен сенімді ажыратуы біртұтас теория болып саналмайды. Оларды біріктіретін белгі – діни өзгерістерді бір ғана әмбебап құлдырау үлгісімен түсіндіруге қарсылық; ал нақты түсіндіру механизмдері өзара ерекшеленеді. Олардың пікірінше, модернизация үдерісімен бірге дін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Керісінше, діннің қайта жандануы, оның әртүрлі салаларда қайта ашылуы және қоғамдық көрінуінің артуы байқалады (Özay, 2007, p. 139).

Осы мәселеге қатысты Бергер өзінің «Secularism in Retreat» атты мақаласында қазіргі

әлемде кейбір ерекшеліктерді есепке алмағанда, қоғамдардың едәуір дәрежеде діни сипатқа ие кезеңді бастан өткеріп отырғанын атап көрсетеді. Оның пікірінше, 1950–1960 жылдары тарихшылар мен әлеуметтік ғылым өкілдері арасында кеңінен таралған секуляризация теориясы деп аталатын ғылыми әдебиет қателескен. Бергер өзі де сол ғылыми әдебиеттің қалыптасуына үлес қосқанын мойындай отырып, сол кезеңде бұл көзқарасты қолдауға жеткілікті негіздер болғанын атап өтеді. Сонымен қатар аталған әдебиеттің кейбір қырлары әлі де өзектілігін сақтап отырғанын мойындайды. Алайда оның пікірінше, бұл жағдай теорияның негізгі өзегіне қатысты емес (Berger, 2014, p. 41). Сонымен бірге Бергер модернизацияның белгілі бір қырлары секуляризацияға алып келгенін және бұл құбылыстың кейбір географиялық аймақтарда анағұрлым айқын байқалатынын мойындайды. Алайда ол модернизацияның секуляризацияға қарсы бағытталған көптеген қозғалыстарды дүниеге әкелгеніне назар аударады. Сондай-ақ қоғамдық деңгейде байқалатын секуляризацияның міндетті түрде жеке тұлғаның санасы деңгейінде де дәл сондай әсер етуі шарт емес екенін атап көрсетеді (Berger, 2014, p. 42).

Старк бұл мәселеде одан әрі барып, «Secularization, R.I.P.» атты мақала жазды. Оның пікірінше, ғылымның дамуына байланысты діннің институционалдық және жеке тұлғалық деңгейде өмірдің барлық салаларына ықпалын жоғалтады деген болжам қазіргі зерттеулердің нәтижелері негізінде өзектілігін жоғалтты. Ол бұған дәлел ретінде бұған дейін жүргізген зерттеуін ұсынады. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, ғылым салаларының ішінде неғұрлым «ғылыми» деп саналатын математика, физика сияқты пәндермен айналысатын ғалымдардың арасында өзін діндар деп санайтындардың үлесі әлеуметтану, психология, антропология және т.б. әлеуметтік ғылымдармен айналысатын ғалымдарға қарағанда жоғары болған. Сонымен қатар ол ғылым мен дін арасында бар деп есептелетін қарама-қайшылықтың шын мәнінде ойдан шығарылғанын және ғалымдардың дінге соншалықты қарсы еместігін атап өтеді. Сондай-ақ олардың шіркеуге бару көрсеткіштері қарапайым адамдардан айтарлықтай ерекшеленбейтінін көрсетеді (Stark, 2015, p. 83).

Біз атап өткен әлеуметтанушылар секуляризацияның қазіргі заманның маңызды үрдістерінің бірі екенін мойындайды. Алайда олар секуляризацияның тек модерн дәуіріне тән жаңа құбылыс еместігін және оны діннің міндетті түрде құлдырауының белгісі ретінде қарастыруға болмайтынын да атап көрсетеді. Олардың пікірінше, өткен кезеңдерде қандай да бір «Алтын ғасырдың» немесе толыққанды діни дәуірдің болғанын дәлелдейтін жеткілікті негіз жоқ. Өйткені өткен замандарда да адамдардың дінге бет бұруымен қатар, діни тәжірибелерден алыстау құбылыстары қатар жүрген. Бұл тұрғыдан алғанда, қазіргі қоғамдағы діни тәжірибелерден алшақтау құбылысын адамзат тарихындағы діннің бұрынсоңды болмаған ерекше құлдырауы ретінде түсіндіруге негіз жоқ (Özay, 2007, p. 140). Соңғы жылдардағы зерттеулер институционалдық дінге деген қызығушылықтың айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, әсіресе христиандық аясында елеулі діни жаңғырудың орын алып отырғанын көрсететін деректер ұсынуда. Осы деректерге сүйенсек, Еуропадағы қазіргі үдерісті «секуляризация» ұғымымен сипаттағаннан гөрі, «институционалдық діннен алыстау» ретінде сипаттау анағұрлым орынды тәсіл болып көрінеді (Köse, 2014, p. 23).

Шын мәнінде, бұл жағдай Грейс Дэвидің «дінге тиесілі болмай-ақ сену» (*believing without belonging*) деген тұжырымдамасына сәйкес келеді (Davie, 2000, p. 10). Яғни еуропалықтар әртүрлі діни институттарға тиесілі болудан бас тартуы мүмкін болғанымен, парадоксты түрде, осы уақытқа дейін қалыптасып, орныққан көптеген діни қажеттіліктері мен сенімдерінен толықтай бас тарта алмаған. Жоғарыда қарастырылған жаңа тәсілдің негізгі тұжырымдарын қысқаша былайша көрсетуге болады. Соңғы кездері кеңінен талқылана бастаған фундаментализм мәселесі, әсіресе жаңа діни қозғалыстардың пайда болуы, діннің саяси дискурста барған сайын көбірек орын ала бастауы, діннің адамдардың өміріндегі мән-

мағына іздеу қажеттілігіне жауап беруді жалғастыруы және жеке тұлғалық діндарлықтың артуы – осы тәсілдің негізгі тұжырымдары болып табылады. Алайда бұл тәсілдің әлсіз тұсы ретінде оның жеке тұлғалық діндарлыққа тым көп мән беріп, институционалдық діндердің рөлін жеткілікті деңгейде ескермеуін атап көрсетуге болады.

Секуляризация теориясын қайта қарастыратын еңбектерді бұл мақалада «эклектикалық тәсіл» атауымен біріктіру олардың алдыңғы екі бағыт арасындағы компромисс болуымен негізделмейді. Топтастырудың ортақ критерийі – діни институттардың ықпалы, жеке тұлғалық діндарлық және діннің қоғамдық-мәдени көріністері арасындағы байланысты автоматты сәйкестік ретінде қарастырмау. Осы тұрғыдан діни беделдің белгілі бір салада әлсіреуі сенімнің барлық деңгейде жойылғанын білдірмейді; керісінше, діни белсенділіктің сақталуы қоғамдық институттардың діннен дербестенуін өздігінен жоққа шығармайды.

М. Чавес секуляризацияның нысанын нақтылап, оны діни беделдің ықпал ету аясының тарылуы арқылы түсіндіреді. Мұнда діни бедел тек саяси билікті емес, діни негізде легитимделетін реттеу мен ықпал ету мүмкіндігін білдіреді (Chaves, 1994). Д. Ямане неосекуляризациялық парадигманы қорғай отырып, секуляризацияны діндарлық көрсеткіштерінің өзгеруімен ғана бағалаудың жеткіліксіздігін көрсетеді және діни беделді талдауға басымдық береді (Yamane, 1997). Осы екі автордың ұстанымдары неосекуляризациялық бағыт аясында өзара жақын.

Х. Касанованың талдауында функционалдық жіктелу, діни сенімдер мен тәжірибелердің төмендеуі және діннің жеке салаға ығысуы аналитикалық тұрғыдан ажыратылады. Сондықтан діннің қоғамдық кеңістікте белсенді болуы зайырлы институттардың дербестігімен міндетті түрде қайшылыққа түспейді (Casanova, 2014). К. Оствальт, өз кезегінде, дін мен мәдениеттің өзара байланысына және діни мағыналардың дәстүрлі институттардан тыс көрінуіне назар аударады (Ostwalt, 2014).

Демек, бұл авторлардың зерттеу нысандары бірдей емес: Чавес пен Ямане діни беделге, Касанова қоғамдық діндер мен жіктелуге, Оствальт мәдени трансформацияға басымдық береді. Оларды бір топта қарастыру осы айырмашылықтарды жоймайды. «Эклектикалық тәсіл» бұл жерде аталған ұстанымдардың аналитикалық жақындығын білдіреді, ал неосекуляризация ұғымы олардың барлығының толық синонимі ретінде қолданылмайды.

Бұл жаңа парадигманың өкілдері қатарында Чавес, Ямане, Касанова және Оствальт сияқты әлеуметтанушыларды атауға болады. Эклектикалық тәсіл дін құбылысын қоғамдағы міндетті түрде сызықтық немесе циклдік бағытта дамитын үдеріс ретінде қарастырудың дұрыс еместігін алға тартады. Сонымен қатар бұл тәсіл діндарлықты да, діннен арылу үдерісін де шамадан тыс асыра бағалауға болмайды деп есептейді. Керісінше, олардың екеуін де диалектикалық үдеріс және өзара ықпалдастық аясында қатар өмір сүретін құбылыстар ретінде қарастыру қажет. Осы парадигма діни сенімдер мен діни тәжірибелердің кейбір көріністерінде төмендеу байқалғанымен, басқа қырларында керісінше өсімнің орын алуы мүмкін деген ұстанымға негізделеді (Özay, 2007, p. 205). Осы тұрғыдан алғанда, бұл тәсіл жоғарыда қарастырылған классикалық және жаңа тәсілдердің шектен шыққан тұстарынан аулақ болу қажеттігін алға тартады. Оған сәйкес, дін мен қасиетті шындықты зайырлы әлемнен мүлдем тәуелсіз құбылыс ретінде қарастыруға болмайды. Сондықтан зайырлы және діни дүниетанымдарды бір-біріне қарама-қайшы құбылыстар ретінде қабылдамауымыз қажет (Ostwalt, 2014, p. 193). Осы мәселеге қатысты Оствальт зайырлы әлем мен діни әлемнің қатар өмір сүретінін алға тартады. Сондықтан зайырлы және діни құбылыстар бір-бірін тікелей қолдамағанымен, олардың арасында кем дегенде белгілі бір өзара ықпалдастық бар. Осы себепті қазіргі кезде қалыптасқан «зайырлы» және «қасиетті» арасындағы поляризацияны

https://doi.org/10.65608/qut.2026.3.04

дін мен мәдениет арасындағы өзара байланыс тұрғысынан қайта қарастыру қажеттілігі туындайды (Ostwalt, 2014, p. 190). Сонымен қатар секуляризацияны идеология ретінде емес, үдеріс ретінде қабылдау өте маңызды. Өйткені зайырлы мен қасиетті, тіпті мәдениет пен дін арасындағы байланысты тек осы тұрғыдан ғана тереңірек түсінуге болады. Секуляризацияның дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардағы үстірт өзгерістермен ғана шектелмейтінін, оның бұдан әлдеқайда кең мағынаға ие екенін ескеруіміз қажет.

Секуляризацияның мәдени үдеріс екендігін де назардан тыс қалдырмауымыз керек. Дін адамдарға өмір сүріп отырған әлемін түсіндіруге және оған мән-мағына беруге мүмкіндік беретіні сияқты, секуляризация да қоғамда қалыптасқан мәдени формаларды, соның ішінде дінді де, тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Ostwalt, 2014, p. 194).

Осы мәселеге қатысты Касанова діннің 1980-жылдары әлемдік деңгейде танымалдық пен қоғамдық көрінуге ие бола бастағанын айтады. Оның пікірінше, дін екі мағынада көрінетін сипатқа ие болды. Біріншіден, ол «қоғамдық кеңістікке» енді, кейіннен «қоғамдық сипатқа» ие болды. Осылайша қоғамның әртүрлі топтары дінге назар аудара бастады. Дінге деген бұл күтпеген қоғамдық қызығушылық оның өзіне бөлінген жеке саладан шығып, қоғамдық кеңістікте қайта орын алуына мүмкіндік берді. Осы тұрғыда Касанова бір-бірімен тікелей байланысы жоқ сияқты көрінетін мына төрт оқиғаның діннің қоғамдағы орны мен қызметін қайта бағалауға мүмкіндік бергенін алға тартады:

1. Ирандағы ислам революциясы;
2. Польшадағы «Солидарность» қозғалысының өрлеуі;
3. Латын Америкасындағы сандинистік қозғалыстар;
4. АҚШ-тағы протестанттық фундаментализмнің саясаттағы рөлі (Casanova, 2014, p. 9).

Касанованың талдауы діннің қоғамдық кеңістіктегі белсенділігін оның басқа институттарға үстемдігімен теңестіруге болмайтынын көрсетеді. Діни ұйымдар қоғамдық пікірталасқа қатыса отырып, саясаттың, құқықтың немесе экономиканың институционалдық дербестігі жағдайында әрекет ете алады (Casanova, 2014). Чавестің діни беделдің ықпал ету аясын талдауы осы мәселемен салыстыруға мүмкіндік береді, бірақ екі автордың ұстанымдары толық сәйкес келмейді (Chaves, 1994). Функционалдық жіктелу қоғамдық салалардың дербестенуін сипаттаса, діни беделдің әлсіреуі діни негізде легитимделетін ықпалдың шектелуін білдіреді. Сондықтан экономиканың діннен дербестенуін автоматты түрде діннің толық құлдырауы немесе діни биліктің жалпы легитимділік дағдарысы деп бағалау жеткіліксіз.

Белгіленген өлшемдер бойынша салыстыру тәсілдердің түсіндіру мүмкіндігі зерттелетін құбылысқа тәуелді екенін көрсетеді. Қоғамдық институттардың діни реттеуден дербестенуін қарастырғанда классикалық теориялардың жіктелу мен рационалдануға қатысты тұжырымдары маңызды. Діни белсенділіктің сақталуын, ұйымдық тиесілік пен жеке сенімнің сәйкес келмеуін талдағанда «жаңа тәсіл» аясында қарастырылған сындар пайдалы. Ал институционалдық, жеке тұлғалық және мәдени өзгерістердің әртүрлі бағытта жүруін түсіндіру үшін осы өлшемдерді ажырататын еңбектерді өзара салыстыру қажет.

Бұл зерттеуде «эклектикалық тәсілдің» маңызы барлық теориялардан жоғары тұруымен емес, әртүрлі деңгейдегі өзгерістерді бір көрсеткішке келтірмеуге мүмкіндік беруімен байланыстырылады. Алайда деңгейлерді ажырату тек осы топқа тән белгі емес: ол Доббелеренің тұжырымдарында да кездеседі. Сонымен қатар Чавес, Ямане, Касанова және Оствальт еңбектері бірыңғай себептік модель ұсынбайды. Сондықтан олардың түсіндірулерін біріктіру теориялық салыстыруға көмектескенімен, нақты қоғамдағы діни өзгерістерді түсіндіру үшін қосымша эмпирикалық тексеруді талап етеді.

Қорытынды

Секуляризация жөніндегі теориялық пікірталастар діннің қоғамдық орнының өзгеруін бір ғана көрсеткішпен түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетеді. Діни институттардың ықпалы, жеке тұлғалық сенім мен тәжірибе және діннің қоғамдық-мәдени көріністері өзара байланысты болғанымен, олардың өзгеру бағыты мен қарқыны міндетті түрде сәйкес келмейді.

Мақалада қолданылған классикалық, «жаңа» және «эклектикалық» тәсілдерге бөлу ғылыми әдебиетке сүйенетін жұмыс жіктеуі болып табылады. Ол дін әлеуметтануындағы барлық теорияларды қамтитын әмбебап типология немесе бірін-бірі толық алмастырған үш кезең ретінде ұсынылмайды. Салыстыру авторлардың нақты еңбектеріндегі секуляризация нысанына, талдау деңгейіне, түсіндіру механизміне, болжанатын нәтижеге және қолданылу шегіне негізделді.

«Эклектикалық тәсіл» аясында қарастырылған еңбектердің ортақ белгісі – діни беделдің өзгеруін, жеке діндарлықты және қоғамдық-мәдени көріністерді бір-біріне теңестірмеу. Бұл ұқсастық Чавес пен Яманенің неосекуляризациялық ұстанымдарын, Касанованың қоғамдық діндер тұжырымдамасын және Оствальттың мәдени талдауын біртұтас мектепке айналдырмайды. Олардың айырмашылықтарын сақтау теориялық ұғымдарды дәл қолданудың қажетті шарты болып табылады.

Зерттеудің нәтижесі белгілі бір тәсілдің әмбебап басымдығын дәлелдеуде емес, теорияны зерттеу нысаны мен талдау деңгейіне сәйкес таңдаудың қажеттілігін негіздеуде көрінеді. Қорытындылар қарастырылған әдебиеттер корпусымен шектеледі. Оларды Қазақстандағы немесе басқа қоғамдардағы діни өзгерістерге қолдану діни беделдің, институционалдық дербестіктің, діни қатысу мен жеке сенімнің нақты көрсеткіштері арқылы тексеруді қажет етеді.

Авторлардың үлесі

Бірінші автор – зерттеу жүргізу, мақала мәтінін жазу, әдебиеттерге шолу жасау, хат-хабар жүргізу, мақаланы жүктеу.

Екінші автор – бақылау жүргізу, талдау жасау, деректерді өңдеу, мәтінді редакциялау.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

Aydınalp, H. (2018). *Din ve Dünyevileşme Kuzey Kıbrıs Örneği.* Çamlıca.

Beger, P. L. (2014). Sekülerizmin Gerilemesi. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* (pp. 40–59). Timaş Yayınları.

Bell, D. (2014). Kutsalın dönüşü. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü.* Timaş Yayınları.

Berger, P. L. (1969). *The Sacred Canopy.* Anchor Press.

Bruce, S. (2015). Sekülerleşme: Sistematik bir betimleme. In M. A. Kirman & İ. Çapcıoğlu (Eds.), *Sekülerleşme: Klasik ve çağdaş yaklaşımlar* (pp. 25–44). Otto.

Casanova, J. (2014). *Modern dünyada kamusal dinler* (M. M. Şahin, Trans.). Sakarya University Cultural Publications.

Chaves, M. (1994). Secularization as declining religious authority. *Social Forces, 72*(3), 749–774. https://doi.org/10.1093/sf/72.3.749

Davie, G. (2000). *Religion in modern Europe: A memory mutates.* Oxford University Press.

Dobbelaere, K. (2015). Sekülerleşmenin anlamı ve kapsamı. In M. A. Kirman & İ. Çapcıoğlu (Eds.), *Sekülerleşme: Klasik ve çağdaş yaklaşımlar* (pp. 57–74). Otto Yayınları.

Furseth, İ., & Repstad, P. (2011). *Din Sosyolojisine Giriş*. Birleşik.

Köse, A. (2014). Modernleşme, sekülerleşme ve din ilişkisi üzerine yeni paradigmalar. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* (pp. 11–39). Timaş.

Kurt, A. (2011). *Din Sosyolojisi.* Dora.

Leger, D. H. (2000). *Religion as a Chain of Memory* (S. Lee, Trans.). Polity Press.

Ostwalt, C. (2014). Seküler Çan Küleleri. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü.* Timaş Yayınları.

Özay, M. (2007). *Sekülerleşme ve Din.* İz Yayıncılık.

Stark, R. (2015). Toprağın Bol Olsun Sekülerleşme. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* (pp. 60–100). Timaş Yayınları.

Wilson, B. (2015). Sekülerleşme (A. Bayer, Trans.). In M. A. Kirman & İ. Çapcıoğlu (Eds.), *Sekülerleşme: Klasik ve çağdaş yaklaşımlar* (pp. 9–24). Otto.

Wilson, B. R. (1966). *Religion in secular society: A sociological comment.* C. A. Watts & Co. Ltd.

Yamane, D. (1997). Secularization on trial: In defense of a neosecularization paradigm. *Journal for the Scientific Study of Religion, 36*(1), 109–122. https://doi.org/10.2307/1387887

References

Aydınalp, H. (2018). *Din ve Dünyevileşme Kuzey Kıbrıs Örneği* [Religion and Secularization: The Case of Northern Cyprus]. Çamlıca. (in Turkish)

Beger, P. L. (2014). Sekülerizmin Gerilemesi [The Decline of Secularism]. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* [The future of religion in the 21st century: The return of the sacred] (pp. 40–59). Timaş Yayınları. (in Turkish)

Bell, D. (2014). Kutsalın dönüşü [The return of the sacred]. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* [The future of religion in the 21st century: The return of the sacred]. Timaş Yayınları. (in Turkish)

Berger, P. L. (1969). *The Sacred Canopy.* Anchor Press.

Bruce, S. (2015). Sekülerleşme: Sistematik bir betimleme [Secularization: A Systematic Description]. In M. A. Kirman & İ. Çapcıoğlu (Eds.), *Sekülerleşme: Klasik ve çağdaş yaklaşımlar* [Secularization: Classical and Contemporary Approaches] (pp. 25–44). Otto. (in Turkish)

Casanova, J. (2014). *Modern dünyada kamusal dinler* [Public religions in the modern world] (M. M. Şahin, Trans.). Sakarya University Cultural Publications. (in Turkish)

Chaves, M. (1994). *Secularization as declining religious authority. Social Forces, 72*(3), 749–774. https://doi.org/10.1093/sf/72.3.749

Davie, G. (2000). *Religion in modern Europe: A memory mutates.* Oxford University Press.

Dobbelaere, K. (2015). Sekülerleşmenin anlamı ve kapsamı [The meaning and scope of secularization]. In M. A. Kirman & İ. Çapcıoğlu (Eds.), *Sekülerleşme: Klasik ve çağdaş yaklaşımlar* [Secularization: Classical and contemporary approaches] (pp. 57–74). Otto Yayınları. (in Turkish)

Furseth, İ., & Repstad, P. (2011). *Din Sosyolojisine Giriş* [Introduction to the Sociology of Religion]. Birleşik. (in Turkish)

Köse, A. (2014). Modernleşme, sekülerleşme ve din ilişkisi üzerine yeni paradigmalar [New paradigms on the relationship between modernization, secularization and religion]. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* [The future of religion in the 21st century: The return of the sacred] (pp. 11–39). Timaş. (in Turkish)

Kurt, A. (2011). *Din Sosyolojisi* [Sociology of Religion]. Dora. (in Turkish)

Leger, D. H. (2000). *Religion as a Chain of Memory* (S. Lee, Trans.). Polity Press.

Ostwalt, C. (2014). Seküler Çan Küleleri [Secular Bell Ashes]. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* [The Future of Religion in the 21st Century: The Return of the Sacred]. Timaş Yayınları. (in Turkish)

Özay, M. (2007). *Sekülerleşme ve Din* [Secularization and Religion]. İz Yayıncılık. (in Turkish)

Stark, R. (2015). Toprağın Bol Olsun Sekülerleşme [Secularization, R.I.P.]. In A. Köse (Ed.), *21. yüzyılda dinin geleceği: Kutsalın dönüşü* (pp. 60–100) [The future of religion in the 21st century: The return of the sacred]. Timaş Yayınları. (in Turkish)

Wilson, B. (2015). Sekülerleşme [Secularization] (A. Bayer, Trans.). In M. A. Kirman & İ. Çapcıoğlu (Eds.), *Sekülerleşme: Klasik ve çağdaş yaklaşımlar* [Secularization: Classical and contemporary approaches] (pp. 9–24). Otto. (in Turkish)

Wilson, B. R. (1966). Religion in secular society: *A sociological comment.* C. A. Watts & Co. Ltd.

Yamane, D. (1997). Secularization on trial: In defense of a neosecularization paradigm. *Journal for the Scientific Study of Religion, 36*(1), 109–122. https://doi.org/10.2307/1387887

Information about authors

Dauirjan Byerdimurat – PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-1508-7562, dauirjan.byerdimurat@gmail.com

Jolaman Bulan – PhD, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0003-4595-1830, jolamanbulan@gmail.com

Авторлар туралы мәлімет

Дауиржан Бердимурат – PhD, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-1508-7562, dauirjan.byerdimurat@gmail.com

Жоламан Бұлан – PhD, Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0003-4595-1830, jolamanbulan@gmail.com

Сведения об авторах

Дауиржан Бердимурат – PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-1508-7562, dauirjan.byerdimurat@gmail.com

Жоламан Булан – PhD, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан, https://orcid.org/0000-0003-4595-1830, jolamanbulan@gmail.com